

Ұ.Қ. Жанғалиев^{1*}, Н.Н. Биназарова², Ғ.Б. Алпысбаева²

¹Әлихан Бөкейхан университеті, Семей, Қазақстан;

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
(E-mail: kurmetkalievich@mail.ru; binazarova73@mail.ru; alinur@mail.ru)

XVIII–XIX ғғ. Ресей империясының отарлау саясатының нәтижесінде қазақ қоғамы құрылымындағы түбегейлі өзгерістер

Революцияға дейінгі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қазақ қоғамының құрылымына түбегейлі өзгерістер енгізді. Біртұтас Қазақ хандығының ыдырауы барысында қалыптасқан күрделі жағдай бірқатар сыртқы саяси сәтсіздіктерге алып келді. Әрине, Қазақ хандығының ыдырауы және патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты қазақтардың шаруашылық жүргізу тәсілдері мен әдістеріне әсер етті, бұл өз кезегінде Ресей империясының ықпалының күшеюіне алып келді. Сондай-ақ, әлемдік тарихи үдеріс соңғы көшпенділер мемлекеті — Қазақ хандығының құлдырауына әсер етті. Осыған байланысты, осы мақаланың авторлары ішкі және сыртқы себептері бар қазақтардың көшпелі қоғамының трансформациясына әсер еткен негізгі факторларды қарастырды. Мақалада көшпелі қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың дамуындағы қайшылықтар, әлеуметтік стратификация, көшпелі қауымдастық ішіндегі қатынастар көрсетілген. Патшалық саясаттың Қазақстанның қоғамдық құрылымындағы өзгерістерге әсері талданған.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, патша империясының саясаты, отаршылдық саясаты, дәстүрлі қазақ қоғамы, трансформация, қазақ қоғамындағы өзгеріс, отаршылдық саясатының салдары.

Кіріспе

XVIII–XIX ғасырларда қазақ қоғамының көшпенді халықтардың көп бөлігі Ресей империясының орталықтанған мемлекетінің құрамына бірте-бірте ене бастады. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси құрылысы туралы зерттеулерге тән бір ерекшелік көшпелілерді адамзат өркениетінен тыс қарастыру болды [1; 224]. Көптеген орыс шенеуніктерінің жазбалары этнографиялық мәліметтерді жинақтау және сипаттау түрінде болып, фактілік материалдарды эмпирикалық тұрғыдан тіркеумен ғана шектелген еді. Дегенмен ондай авторлардың жазбалары қазақ халқының дәстүрлі материалдық және рухани мәдениетінің атрибуттік сипаттамасын беру арқылы белгілі бір бағыттамалық құндылыққа ие болғаны рас. Патша үкіметінің Орта Азияны жаулап алу жолында ең басты табыстарының бірі — Қазақстан жерін біржолата бағындырып және оны патша үкіметінің отарына айналдырып, ол XIX ғасыр аяғында толықтай аяқталды [2; 339]. XIX ғасырдың басында патша үкіметінің дәстүрлі қазақ қоғамына жүргізілген саяси-әкімшілік реформаларымен тарих бейнесін кеңейтіп өзіне ерекше қарата түсті. Сондықтан, қазақ қоғамының құрылымындағы өзгерістерді және оның ерекшеліктерін зерттеу тарих ғылымының маңызды бағыттарының бірі. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы, оның эволюциясы, тарихта алатын орнын анықтау ғылыми тұрғыдағы ғана емес қоғамдық маңызы бар мәселені зерттеуде, тарихи кезеңдерге қатысты әлеуметтік құрылымның сипатының өзгеріске ұшырауының себептерін көрсету және ерекшелігіне баға берумен қатар жүреді. Сондықтан, Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан қазақ қоғамында орын алған өзгерістерді зерттеудің маңызы жоғары.

Материалдар мен зерттеу әдістері

XIX ғасыр басында осы бағытта зерттеу жүргізіп жазбалар жазған орыс оқымыстыларының қатарына А.И. Левшин, М. Красовскийді және т.б. жатқызамыз. Бұл зерттеушілердің атымен қазақ халқының, оның тарихы мен этнографиясын ғылыми түрде арнайы зерттеу басталды деп айтуға болады. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы тарихи зерттеулерде қазақ қоғамын саяси тұрғыда аморфты, этникалық тұрлаусыз, әлеуметтік деңгейі төмен деп баға берілетіні басым болды. Сонымен қатар А.И. Левшин еңбектерінен хандар билігі, халық жиналысы, «Жеті жарғы» ережелері туралы мәліметтерді де кездестіреміз. Қазақстанды отарлау саясатының барысымен Кіші жүздің саяси тарихынан және оның басты бағыттарын айқындауға мүмкіндік беретін П.И. Рычковтың ұлы капитан Н.П. Рычковтың «1771 жылы қазақ даласын-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kurmetkalievich@mail.ru

да жорығының күнделік жазбаларында» жергілікті халықтың мінез-құлқын, рухани-мәдениетін баяндап, әкесінің берген өз кезегінде саяси, тарихи мағлұматтарын толықтыра түседі [3; 44]. Ресей империясы өз үстемдігін жүргізу үшін қазақтарды башқұрттарға, башқұрттарды қазақтарға айдап салып отырғаны туралы академик В.В. Бартольд те былай деп айтқан болатын: «Орынбор билеушілеріне орыстарды сақтау үшін, бір халықты екінші бір халықтың күшімен басу арқылы тәуелділік жағдайына келтіру жөнінде тапсырма берілді» [4; 114]. Мақаланың әдіснамалық негізін тарихи құбылыстардың дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін танымның жалпы ғылыми принциптері, соның ішінде историзм принципі құрайды. Тақырыпты зерттеу барысында хронологиялық және тарихи салыстыру әдістері қолданылды. Хронологиялық әдіс Ресей империясының отарлау саясатының кезеңдерін және қазақ қоғамында орын алған өзгерістерді бір ізді зерттеуге, тарихи салыстыру әдісі қазақ қоғамындағы тарихи құбылыстардың ортақ тұстары мен ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік берді.

Талқылау

Отарлау саясатының барысында XIX ғасырдың бірінші жартысында 1822 жылы қабылданған Сібір қазақтарының жарғысы қазақ қоғамы үшін елеулі өзгерістер әкелетін қозғалыс тетігі рөлін атқарды. Бұрыннан мал шаруашылығымен жазғы жайылымда және жылдың төрт мезгілін көші қонымен байланыстыратын көшпенді қауымның құрылымына өзгерістер енгізілді. 1822 «Сібір қырғыздары туралы жарғы» деп аталатын бұл заңның басты мақсаты — онсыз да бытыраңқылыққа ұшыраған қазақ даласында хандық басқаруды біржолата жою болатын. Мұны жүзеге асыруға 1817 жылы Орта жүздегі Бөкей ханның қайтыс болуы және 1819 жылы Уәли ханның қайтыс болуы қолайлы әлеуметтік саяси жағдай қалыптастырды. Патша үкіметі енді Орта жүзде хан сайлауға тыйым салды. Жоғарыда аталған жарғы оны жасаған Н.Н. Сперанскийдің басшылығымен жүзеге асырылған болатын. Жалпы қазақ жерінің Ресейге қосылуы XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан басталып XIX ғасырдың 60-шы жылдарымен аяқталды деуге болады. Қазақ жүздерінің әр уақытта сыртқы саясатының жағдайына байланысты және басқа да сыртқы саяси факторлардың әсерінен Ресей империясына бағынышты болды [5; 210]. Жаңа заң патша үкіметінің қазақ даласын саяси және заңдық тұрғыдан отарлауын күшейте отырып, қазақ даласындағы хандық жүйені құрта отырып, оның орнына патша үкіметінің отаршылдық жүйені енгізіп, қазақ қоғамының байырғы құрылымдарына балта шабу болды. Соның бір айғағы Орта жүз және Кіші жүздегі реформалардың енгізілуі барысы. Қазақ жерінде жүзеге асырыла бастаған империялық әкімшілік-саяси реформа хандық билікті күйрету үшін ақсүйек топтардың ғасырлар бойы сақталған артықшылықтарына шек қойды. Сұлтан, ақсүйектердің бір тобы Ресей үкіметінің бұл саясатына қарсылықтарын ашық білдірді. Соның негізінде және басқа да әкімшілік реформалық жүйенің енгізілуінен Қазақ өлкесінде Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісов және Жоламан Тіленішұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер басталған болатын. 1824 жылғы жаңа заңның негізінде Кіші жүз бірнеше аймақтарға бөлініп, патша үкіметінің тағайындаған сұлтандары басшылыққа отырған. Оларға патша үкіметінің орыс әскерлері қосымша берілді және патша үкіметінің шекарасының жақын аймақтарында өздері қойған сұлтан басшыларға әскери көмек те көрсетіп отырған. 1822 жылғы Заңдық ережеге сәйкес қазақтар: «§ 275. Сұлтандардан қысым көрген қырғыздар (қазақтар) жақын жердегі басшылықтан көмек іздеуге құқы бар. § 276. Кез келген қырғыздың қозғалмайтын, тұрақты меншік ұстауына шек қойылмайды. § 277. Қырғыздардың қолында бұрыннан қалып қойған тәуелді адамдарды сатып жіберуге, сыйлыққа тартуына немесе мұралық иемденуіне, басқаларға беруіне болады. Басы бос қырғыздар тарапынан қауым мүшелерін құлдыққа беруге тыйым салынады. § 279. Сұлтандар ең лауазымды және құрметті қырғыздардың тобы ретінде денесіне дүре соғудан босатылады», - деп жазылған болатын [6; 109-110].

Отарлау саясатының салдарынан қазақ халқы материалдық жағынан ғана емес рухани жағынан да зардап шекті. Қазақ шаруашылықтарына мөлшерден тыс ауыр салықтар салынды. Қазақтарды отырықшыландыру жүйесі кері сипатта жүргізілді. Дамыту процесінің орнына елдің экономикалық жағдайын төмендету сипатында болды. Ресей империясы отырықшылықтың ежелден қалыптасқан қазақи формаларын талқандап, оларды жартылай шөлді және шөлді жерлерге немесе иесіз аймақтарға сол жерлерді игерулерін керек деп ығыстырды [7; 39-41]. Ресей империясының отарлау саясатының нәтижесінде саяси-жүйелердің түпкілікті енгізілуімен оған көшу 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» күшіне енген соң ғана басталды. Бұл «Ереже» бойынша әр облыс уездерге бөлінді. Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының Бас басқармасы Далалық генерал-губернаторына бағындырылды. Облыстардың көшпенді және отырықшы халықтары ауыл тұрғындарының құқығына ие болып, Ресей шаруаларына теңестірілді. Сондықтан қоғамдық қатынастардың дамуына сыртқы факторлардың әсері өте қатты болды десек те болады. Қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымында

әлеуметтік–саяси, құқықтық сипаттардың өзіне тән жүйесі әртүрлі кезеңдерде әсер ету факторларына байланысты өзгерістерге ұшырап қоғам ішінде өзінің қызметін жүргізіп және қалыптасып, шарықтап, жойылып отырған.

Отарлау саясатының барысымен нәтижесінде қазақтардың тек саяси жағдайы емес оның әлеуметтік жағдайымен қоғамдағы әртүрлі бөліністердің тұрмыс түршілігіне де үлкен әсерін тигізді. XIX ғасырдың басында Ресей империясының отаршылдық ниетіне де, Орта Азия хандықтарының да отарына айналмау мақсатындағы қарсы күрес толқулары, көтеріліс сандарының көп болуымен ерекшеленді. Қазақ өлкесінде жүргізілген ауыр езгі, жайылымдық жерлердің ең шұрайлы жерлерінен айырылуы, көшпелі мал шаруашылығының болашағына балта шауып, елдің яғни, халықтың тұрмыс тіршілігіне үлкен зиян келтірді. Мысалы, XIX ғасырдың 20-жылдарында хиуалықтардың шапқыншылықтарынан кейін қазақ қожалықтарының көпшілігі күйзеліске ұшырап, 1820 жылғы шапқыншылық кезінде қазақтардан 65 мың қой, 15 мың түйе, 7 мыңнан астам жылқы айдалып әкетілген [8; 33-39]. Патша өкіметі Қазақ жерінің тез арада отар болуының негізінде басқарудың дәстүрлі институттарын әдейілеп жойғанымен, ол дәстүр ретінде халық санасында сақталды. Міне осы ел басында туған дағдарыс кезеңінде этникалық сана-сезімінің кешенді құбылысы болып табылатын қазақ қоғамының саяси-потестарлық құрылымы қоғамның тәуелсіздігінің көрсеткіші болды дейміз. Сондықтан да Қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі, қазақтардың қоғамдық санасында ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіпті елеулі түрде өзгерткені сонша, қарсыласқан сескенген патша үкіметі жаңа басқару жүйесін бірден енгізе алмады. Әрине қоғамдық санада қалыптасқан тәртіпті мүлдем жойып жіберу мүмкін емес те. Сондықтан жарғылардың енгізілуінде Қазақ қоғамын зерттеп оны бақылаған патша үкіметінің мұндай іс-шаралары ұзақ уақыт бойы жүзеге асты. Осыған орай Қазақстандағы басқару мәселелерін зерттеуші А.К. Гейнс былай жазған: «Казахам чуждо и дико в нашей жизни все. Что нам кажется совершенно естественным и понятным. Как воспитанным под своеобразными условиями жизни номада, им не понятный самые элементарные идеи гражданского устройства на европейский лад, следствия, производимые приказами, тянутся бесконечно и безуспешно» [9; 23].

XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысы кезеңінде қазақ қоғамындағы әскер басылары — батырларының әлеуметтік тобының маңызы мен саяси ықпалы зор болды. «Батыр», «бағадүр», «баһадүр» деген түрік–монғол сөзі бастапқыда шайқас алдында жауды жекпе-жекке шақыратын ержүректі білдірген. Бұл терминнің «богатырь» деген орысша қаңқасымен қатар XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың алғашқы үштен бірінде Мәскеу мемлекетінде жат жерлік ер жүрек жауынгерлерді атау үшін енді түркі тілінің өзіндегі «батыр» термині қолданылған, мұны «Московия туралы жазбалардың» белгілі авторы, бұл атауды орыс адамдарынан алғаш рет естірткен австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейннің (1485-1566) жекелеген ескертпелері растай алады [10; 201]. XVIII ғасырдың бірінші жартысында батырлардың беделі мен әлеуметтік маңызы мейлінше күшті өсті, мұның өзі сыртқы қауіпке және Қазақстанның әлеуметтік ұйымдасуында әскери құрылымдар рөлінің арта түсуіне байланысты болатын.

Батырлар — ер жүрек адамның атағы ғана емес, сонымен қатар көбінесе әскери міндеттерді жүзеге асырумен айналысатын адамдардың жеке дара қасиеті де болады. Е.К. Мейендорфтың айтуынша Қазақ қоғамында «ер жүрек» әділ және тапқыр, соғыс кезінде — шабандоз адамдар «батыр» деп аталған [11; 41]. Қазақ жерінде аумақтық шептерінде отаршылдыққа қарсы соғыс шиеленісінің бәсеңдеуіне қарай батырлардың әлеуметтік маңызы да төмендей берді. Батырлар ер жүрек жауынгерлер, ат жалында ойнаған шабандоздар және әскери жасақтардың қолбасшылары ғана емес, сонымен қатар көшпелі қоғамның ең таңдаулы әлеуметтік топтарының бірі болды. Бұл жағынан революцияға дейінгі көптеген авторлардың батырлар арасынан көшпелілердің саяси ұйымдасуында маңызды орын алған рубасы қазақ ақсақалдарын көп кездестіруге болады деген. XIX ғасырдың басында Г.И. Спасскийдің айтқанындай үш жүздің 67 рубалық бөлімшелерінің 25 құрылымын батырлар басқарған делінген [12; 9]. Отарлау саясатының нәтижесі яғни, отаршылдық дәуір қазақ халқының генетикалық қорына өте қатты нұқсан келтірген еді. Бұл ойға белгілі тарихшы, академик М. Қозыбаевтың пікірін келтірсек: «Қазақ қауымы ғасырлар бойы езілген–жаншылған халық. Оның ең асылдары үзбей қырылып келді. Халықтың тұқымдық қоры әлсіреді. Асылдары кетіп, жасылдары қалып келді» делінді. Содан текті болмысты терең тарихы бар халқымыздың ұлттық иммунитеті қатты әлсіреп, ұлы қасиет түбегейлі жойылып кетпей, қазақ халқының тағдыры көптеген сындардан өтті [13].

Қазақ қоғамындағы саяси–потестарлық институттардың тарихын зерттей келе оның ұлттық сипатта бір орталыққа бағынған мемлекеттің тарих сахнасына келуі, сонымен қатар ол алғаш қалыптасқан уақыттан бері даму эволюцияларына ұшырап, пайда болуы, қалыптасуы, ұзақ жылдар бойы биологиялық тұрғыда сіңірілуі, гүлденуінен өткен кезеңдерін, өткізген әлеуметтік құрылымы өзіндік сатымен дамып келді. Осы тұста профессор Жамбыл Артықбаевтың «XIX ғасырдың 40-шы жылдарына дейін көнеден алатын

тамырын үзбей бір бәйтеректей өмір сүрген мемлекет» деген пікірін айта келе қазақ даласында саяси–потестарлық билік бастауын қазақ топырағында өмір сүрген ру–тайпалардың тарихынан бастау алады деген пікірге келеміз [14; 96]. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси–потестарлық институттар тарихын зерттей келе тарихшы М.Қ. Дауытбекова былай деген: «Қазақ халқы саяси–потестарлық институттарының тарихи бастаулары өте ертеден қоғамдық қатынастардың қалыптасу кезеңдерінен бастау алады» деген. Ежелгі көшпелілік, Еуразия даласындағы ұлы көшпелі мемлекет құруы, ру, тайпа, одақ, жүз сынды тарихи дамуды бастан кешіп, саяси–потестарлық билік тұлғаралық, топ, тайпа аралық, ру аралық, жүз аралық мәселелерді шешу нәтижесінде әлеуметтік институттар деңгейіне көтерілген [15; 58]. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында халықтың ең белсенді бөлігінің отаршылдық езгі мен феодалдық зорлық зомбылыққа қарсы стихиялы наразылығының бытыраңқы көріністері көп белең алды деген М.П. Вяткин өз еңбегінде [16; 358]. Сонымен қатар зерттеуші сол кезеңде Сырым Датұлы патшалық режимінің отарлау саясатына он төрт жыл бойы қарсы тұра білді. Батырдың іс–әрекеттерінің бәрі бірдей болмаса да, ол қазақ өлкесіндегі саяси биліктің дәстүрлі жүйесін сақтауға ұмтылып, патша өкіметінің іс-шараларына шеберлікпен қарсы қимылдады, бірақ отарлау жақтың күші басым және көш ілгері дамыған еді. Патша үкіметі Орынбор әкімшілігі арқылы көтеріліске шыққандардың қимылын көп жағдайда бейтараптандыра білді. Ал дәстүрлі демократиялық билік қалдықтарының сақталуы қозғалыс нәтижелерінің бірі болатын. Сол арқылы ғана мемлекеттіктің қалдықтары және дәстүрлі тұрмыс салты сақталып қалды деуге болады.

Қазақ қоғамы дамуының мәселелері жалпы көшпелі халықтардың қоғамдық құрылымы мен мемлекеттілігі мәселелерімен тікелей байланысты. Батырлардың пайда болуы мен жауынгерлер тобының жетекшілері ретінде ерекшеленуі қоғам дамуының «әскери демократия» кезеңімен тығыз байланысты [17; 303]. Қазақ қоғамындағы батырлардың әлеуметтік институт ретінде ерте дәуірлерден бастау алып, түркі-моңғол тұтастығы ыдырай бастаған XVI ғасырға дейін түрлі даму кезеңдерінен өтті. Сонымен қатар патша үкіметі батырларды дәстүрлі билікке қарама-қарсы қоятын саяси күш ретінде пайдалануға ұмтылды, оны XVIII ғасырдан бастап қайта жаңғыртып дамытты. Ресейдің орталық аудандарында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесі аса үлкен өзгеріссіз сол күйінде қазақ қоғамына да көшірілді. Ал мемлекеттік басқару жүйесі қазақ өлкесіне XIX ғ. 60–жылдарында әскери феодалдық басыбайлылық мазмұндағы билік жүйесі келді. Губерния, облыс, уездер басына билігі шексіз орыс халқынан тұратын әскери атағы бар адамдар тағайындалды. XIX ғасырдың аяғындағы қазақ жеріндегі билік жүйесі жергілікті халықты күштеп мәжбүрлеу арқылы өз тілдеріне, өз идеалдарына және заңдарына бағындыруға итермеледі [18; 37].

Отарлау саясатының нәтижесінде қазақ қоғамы құрылымындағы түбегейлі өзгерістердің бір қатарына жататындар қазақ жеріне енгізілген 1868 жылғы Ережелерден соң қазақ қоғамы барлық әлеуметтік топтардың төре, бай, би, ру ақсақалдарының құқығы орыс қарапайым шаруаларының құқымен теңелуі. Ал дін істерін жүргізу Ресей империясын бекіткен молдаларға жүктелді. Мешіт ғимаратын салу және оның жанынан мектеп ашу жұмыстары да патша әкімшілігінің рұқсатымен ғана бекітіліп жүргізілді. Жергілікті қазақ тұрғындарының қоғамды басқару ісіне араласуы үшін ең төменгі басқару жүйесі — болыстық басқарушыға сайлана алатын болды [18; 38]. Қазақ жерін бодан қылу мақсатында Ресей әкімшілігінің көптеген реформаларының жүргізілуінде қазақ қоғамына тән ішкі құрылымдардың ерекшеліктері қаралмады және орыс елінің яғни, Ресей империясының мүддесі көзделді. Сондықтан жүргізілген реформалар нәтижесіз басталып, қазақ қоғамының қарсылығын тудырып отырды. Оның аяғы, қазақ жерінде ресейлік реформаларды күштеп енгізу, зорлық–зомбылық жасау әрекеттері жасалып, ары қарай тереңдеген сайын оған қарсы қазақ жерінде ұлт–азаттық көтерілістер жасалынып, ол қозғалыс көтерілістері күштердің тең еместігінің нәтижесінде аяусыз қатыгездікпен тоқтатылды [18; 39].

Отарлау саясатының нәтижесінің тағы бір көрінісі қазақ тарихында жаңа кезең қалыптасты. Ол патшалық империяның билеп төстеуіне көнетін бейімделген, отарлық бөлікке айналдыру кезеңі болатын. Жергілікті халықтың, құқықтық, саяси, әлеуметтік–экономикалық жағдайын түбегейлі өзгертуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді жасап, қазақтардың келісімінсіз оларға қолдану және бағындыру жағдайын икемдеу шараларын қолданған болатын. Патша өкіметінің тағы бір саясаты сұлтандар мен билер аға сұлтан, болыс билеушілерін өзіне жақынырақ ұстау саясатында оларға қарапайым халықты тек әкімшілік басқару да ғана емес басқа да экономикалық–әлеуметтік жағдайда да қолдау көрсетіп отырды. Оның астары яғни, патша өкіметіне бағыну жұмыстарын жүргізуде жеңіл болудың істері деп білді. Оларға сұлтандармен билерге сот қызметін атқару жүктелді. Жергілікті жерде қазақтардың дағдылы құқығы жүріп тұрса да, дегенмен сот — талап ісінің едеуір бөлігі сұлтандар мен билердің қатысуымен орыс әкімшілігінің үкімі арқылы өтетін болған. Бұның негізгі астары патша үкіметінің қазақ жерінде өз саясатын одан ары нығайтуда бірқатар сұлтандарға өздерінің жеңілдіктерімен марапаттауларын жүргізген бо-

латын. Атап айтсақ архив құжаттары көрсеткендей 1860 жылы маусым айының 8-і күні бірнеше казак (киргиз) сұлтандарын марапаттауы болған. Орынбор губернаторлығына қарасты территорияда. МИНИСТЕРСТВ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ИМУЩЕСТВЪ: Сентябрь 1860. № 209 бұйрығымен 12 казакты (киргиз) марапатқа ұсынылған құжаттар көрсетілген [19]. Қазақ қоғамындағы құрылымды өзгерістердің қатарына аграрлық мәселені зерттеушілердің дәлелдемелеріне сүйенсек: XIX ғасырдың 60-90 жылдарында казак қоғамына Ресейдің губернияларынан және сібірден қоныс аударған шаруалардың казак жерін тартып алуы және сол жерлерге орналастыру мақсаттары жүзеге асқан болатын. Тек 1885 жылдан 1893 жылдар аралығында Ақмола облысының жергілікті халқынан 251 779 десятина жер тартып алынып, 10940 басқа жақтан келген жаңа қоныс аударушылардан 24 ауыл құрылды [20; 267]. Ал 1895 жылға дейін Жетісу өңірінде 35 569 тұрғыны бар 63 шаруалар ауылы пайда болды [21; 206]. XVIII-XIX ғғ. отарлау саясатының нәтижесінде казак жерінде орын алған патша үкіметінің тағы бір жүйелік әкімшілік басқару шараларының бірі — XX ғасыр басындағы Ресей империясының құрамындағы 11 казак әскери қауымының бесеуі казак жерінде орналасты. Атап айтсақ, Астраханьда 37 мың орыс-казак әскери жасағы, Оралда 235 мың, Орынборда 553 мың, Сібірде 164 мың, Жетісуда 59 мың қаруланған казак әскери жасақтары орналасты [22; 168]. Қазақ қоғамының түбегейлі өзгерістер қатарына жататын тағы бір жайт — ол өлке тұрғындарының 90%-ынан астамының ауылдық жерлерде қоныстануы еді. Олардың негізгі кәсібі ежелден келе жатқан мал шаруашылығы болатын. Сонымен қатар, XX ғасырдың басында егіншілік халықтың көп бөлігінің негізгі кәсібіне айналды. Қоныс аударған орыс шаруаларынан басқа, егіншілікпен жергілікті казактар да қарқынды түрде айналысты. 1897 жылғы санақ бойынша, өлке халқының 55,4%-ы егіншілікпен шұғылданған. Сонымен, XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық ахуалға талдау жасаған кезде, жалпы өлкедегі патшаның, отарлау саясатының кең белең алғандығын еркін аңғаруға болады: біріншіден, өлкедегі халықтың көп ұлтты құрамының қалыптасу үрдісі күшейе түсті; екіншіден, байырғы халықтың үлес салмағы кеміді де, келімсек халықтың, негізінен алғанда, орыстар мен украиндардың үлесі өсті; үшіншіден, қалалар мен олардағы халықтың біршама өсуі байқалып, оның құрамында метрополияның басқа аймақтарынан келген қоныс аударушылар мен отаршылдық, әкімшілік пен кәсіпкерлікке байланысты әлеуметтік жіктер мен топтардың басымдылығы толық аңғарылады деуге болады [23; 85].

Қорытынды

Жалпы қорытындылай келе көп жылғы казак даласының басқару жүйесіндегі казак қоғамы дәстүрлі құрылымының өзгеруіне отаршылдық жүйенің келуімен оған қарсы тұрып және бейімделіп, өзгеріске ұшырап, билер, ру басыларымен, старшындар, сұлтандар әр кезеңдерде патша үкіметінің мемлекеттік органдарының басқару тетіктеріне және мемлекеттік сот жүйесінің қызметкері ретінде жұмыс істеуге тағайындалып өзгертілді. Осы тұстан бастап қазақтың дәстүрлі құрылымында күрделі өзгерістер келіп, хандық билік жойылып, қожа, бай ақсүйектер мен батырлар, билер институтымен қатар казак қоғамының құрылымында көптеген дағдарыстар орын алып, патша үкіметінің отарлау мақсатындағы саяси-әкімшілік жүйесінің жоспарлы ережелерінің нәтижелері саяси-әлеуметтік құрылымдағы дағдарысты, бейімделумен өзгеру жолдарына әкеп соқтырды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап казак даласын отарлау саясаты, әсіресе, әскери және рухани отарлау барысы зерттеле бастады. Кейінгі кезеңдегі зерттеушілер өте кең ауқымдағы құжаттарды көтеріп, өз зерттеулерінде патшалық Ресей чиновниктері казак халқын шоқындырып, орыстандырып — біртұтас мемлекет құрамыз деген идеологияны бүркемелеп ұстағандығын айқындауда. Сонымен, қатар казак халқының жанталасқан күресіне қарамастан, казак халқын шоқындыру үрдісі жүргізілгенімен, толықтай казак халқын шоқындыру болмағандығын тарихнамалық талдаулар барысындағы зерттеулердегі деректер дәлелдеп отыр. Бұл казак халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылығының тұрақтылығын дәлелдей түседі. Жалпы алғанда экономикалық, саяси әлеуметтік жағдайларға байланысты әртүрлі өзгеріске ұшырады және оған әр жерде әртүрлі қарсы тұрды және бейімделу механизмі де әртүрлі жүргізілді деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества / Н.Э. Масанов. — Алматы: «Социнвест»; М.: Горизонт, 1995. — 320 с.
- 2 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында / Е. Бекмаханов. — Алматы, Санат, 1994. — 416 б.
- 3 Рычков Н.П. Капитан Н. Рычковтың 1771 жылы казак даласына жорығының күнделік жазбалары. Капитан жазбалары / Н.П. Рычков. — Астана, Аударма, 2002. — 144 б.
- 4 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. — Алма-Ата, 1961. — 300 с.

- 5 Артықбаев Ж.О. История Казахстана / Ж.О. Артықбаев. — Алматы: Қазақ университеті, 2006. — 312 с.
- 6 Зиманов С.З. Материалы по истории политического строя Казахстана / С.З. Зиманов. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. — 441 с.
- 7 Әбдіразақов Т. Қазақстанның Ресейге қосылуының ауыр зардаптары / Т. Әбдіразақов // Қазақ тарихы. — 1995. — № 2. — Б. 39-41.
- 8 Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828.гг.) // под. рук. М.П. Вяткина. — М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1940. — 543 с.
- 9 Гейнс А.К. Собрание литературных трудов / А.К. Гейнс. — СПб., 1897. — 590 с.
- 10 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. III-том. — Алматы: Атамұра, 2010. — 768 б.
- 11 Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару / Е.К. Мейендорф. — М., 1975.
- 12 Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды / Г.И. Спасский // Сиб. вестн. — 4. IX–XI. — СПб., 1820.
- 13 Жақысғалиев Ж. Тектілік феномені (Тарихи этнографиялық пайым) [Электрондық ресурс]. — / Ж. Жақысғалиев. — Қолжетімділік тәртiбi: <https://ehistory.kz/kz/contents/view/2673>.
- 14 Артықбаев Ж.О. Қазақ мемлекетінің тарихындағы төре институты және төре сөзінің мағынасы туралы / Ж.О. Артықбаев // Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары. Ғылыми мақалалар жинағы. — Астана, 2015.
- 15 Дауытбекова М.Қ. Қазақ қоғамындағы саяси–потестарлық инситуттар тарихынан / М.Қ. Дауытбекова // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. — 2017. — №1 (84). — Б. 57-66.
- 16 Вяткин М.П. Батыр Срым / М.П. Вяткин. — Алматы: Санат, 1998. — 344 с.
- 17 Жанғалиев У.К. Қазақтың дәстүрлі құрылымында әлеуметтік топтардың қазақ қоғамында алатын орны. XVIII-XIX ғасыр / У.К. Жанғалиев, Г.Т. Мусабалина // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. — 2019. — №4(63). — Б. 300-304.
- 18 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы / М. Қойгелдиев. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. — 480 б.
- 19 ГА ОО. — Ф. 6. — Оп. 10. — Ч. 1. — Д. 7644.
- 20 Қазақ ССР тарихы. 3 том. — Алматы, 1982.
- 21 Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867–1917 гг. / П.Г. Галузо. — Алма-Ата, 1965. — 206 с.
- 22 Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедиясы. Т. 1. — Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы, 1984. — 592 б.
- 23 Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. — Алматы: Қазақ университеті, 2005. — 302 б.

У.К. Жанғалиев, Н.Н. Биназарова, Г.Б. Алпысбаева

Радикальные изменения в структуре казахского общества в результате колониальной политики Российской империи в XVIII–XIX вв.

Социально-экономические преобразования в дореволюционный период внесли в общественную организацию казахского общества кардинальные изменения. Сложная ситуация, сложившаяся в ходе распада единого Казахского ханства, привела к череде внешнеполитических неудач. Безусловно, распад Казахского ханства и колониальная политика царской России повлияли на способы и методы ведения хозяйства казахов, что также привели к усилению влияния со стороны Российской империи. Кроме того, мировой исторический процесс способствовал упадку последнего государства кочевников — Казахского ханства. В связи с этим авторами данной статьи рассмотрены основные факторы, повлиявшие на трансформацию кочевого общества казахов, имеющие как внутренние, так и внешние причины. В статье показаны противоречия в развитии социальных отношений в кочевом обществе, социальное расслоение, взаимоотношения внутри кочевой общины. Проанализировано влияние политики царизма на изменения в общественной структуре Казахстана.

Ключевые слова: история Казахстана, политика царской империи, колониальная политика, традиционное казахское общество, трансформация, изменение в казахском обществе, последствия колониальной политики.

U.K. Zhangaliev, N.N. Binazarova, G.B. Alpysbayeva

Radical changes in the structure of Kazakh society as a result of the colonial policy of the Russian Empire in the 18th – 19th centuries.

Socio-economic transformations in the pre-revolutionary period brought fundamental changes to the social organization of Kazakh society. The difficult situation that arose during the collapse of the unified Kazakh Khanate led to a series of foreign policy failures. Of course, the collapse of the Kazakh Khanate and the colonial policy of Tsarist Russia influenced the ways and methods of farming of the Kazakhs, which also in turn led to increased influence from the Russian Empire. Also, the world historical process influenced the decline of the last nomadic state – the Kazakh Khanate. In this regard, the authors of this article examined the

main factors that influenced the transformation of the nomadic society of the Kazakhs, having both internal and external reasons. The article shows the contradictions in the development of social relations in a nomadic society, social stratification, relationships within the nomadic community. The influence of tsarism's policies on changes in the social structure of Kazakhstan is analyzed.

Key words: history of Kazakhstan, policy of the tsarist empire, colonial policy, traditional Kazakh society, transformation, change in Kazakh society, consequences of colonial policy.

References

- 1 Masanov, N.E. (1995). Kochevaia tsivilizatsiia kazakhov: osnovy zhiznedeiatel'nosti nomadnogo obshchestva [Nomadic civilization of Kazakhs: the basis of life activity of nomadic society]. Almaty: «Sotsinvest»; Moscow: Gorizont [in Russian].
- 2 Bekmakanov, E. (1994). Qazaqstan XIX gasyrdyn 20-40 zhyldarynda [Kazakhstan in the 20s-40s of the XIX century]. Almaty, Sanat [in Kazakh].
- 3 Rychkov, N.P. (2002). Kapitan N. Rychkovtyn 1771 zhyly qazaq dalasyna zhorygynyn kundelik zhazbalary. Kapitan zhazbalary [Diary notes of Captain N. Rychkov's 1771 expedition to the Kazakh steppe. Captain's notes]. Astana [in Kazakh].
- 4 (1961). Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVI–XVIII vv. [Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries]. Alma-Ata [in Russian].
- 5 Artykbaev, Zh.O. (2006). Istoriia Kazakhstana [History of Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].
- 6 Zimanov, S.Z. (1960). Materialy po istorii politicheskogo stroia Kazakhstana [Materials on the history of the political structure of Kazakhstan]. Alma-Ata: Izdatel'stvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 7 Abdirazaqov, T. (1995). Qazaqstannyn Reseige qosyluynyn auyr zardaptary [Serious consequences of Kazakhstan joining Russia]. *Kazakh tarikhyy — History of Kazakh's*, 2 [in Kazakh].
- 8 Viatkin, M.P. (Ed.). (1940). Materialy po istorii Kazakhskoi SSR (1785–1828.gg.) [Materials on the history of the Kazakh SSR (1785–1828)]. Moscow: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR [in Russian].
- 9 Geins, A.K. (1897). Sobranie literaturnykh trudov [Collection of literary works]. Saint Petersburg [in Russian].
- 10 (2010). Qazaqstan tarikhyy (kone zamannan buginge deiin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. Vol. 3. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 11 Meiendorf, Ye.K. (1975). Puteshestvie iz Orenburga v Bukharu [Travel from Orenburg to Bukhara]. Moscow [in Russian].
- 12 Spasskii, G.I. (1820). Kirgiz-kaisaki Bolshoi, Srednei i Maloi Ordy [Kirghiz-Kaisaks of the Greater, Middle and Lesser Hordes]. *Sibirskii vestnik — Siberian bulletin*, 4, IX–XI [in Russian].
- 13 Zhakysygaliev, Zh. Tektilik fenomeni (Tarikhi etnografiiylyq paiym) [The phenomenon of nobility (Historical ethnographic view)]. Retrieved from <https://ehistory.kz/kz/contents/view/2673> [in Kazakh].
- 14 Artykbaev, Zh.O. (2015). Qazaq memleketinin tarikhnydagy tore instituty zhane tore sozinin magynasy turaly [About the institution of justice in the history of the Kazakh state and the meaning of the word justice.]. *Qazaq khandygynyn memleketik baskaru instituttary. Gylymi maqalalar zhinagy — Institutes of state management of the Kazakh Khanate. Collection of scientific articles, Astana* [in Kazakh].
- 15 Dauytbekova, M.K. (2017). Qazaq qogamyndagy saiasi–potestariylyq insittuttar tarikhynan [From history of potestariion political institutes of the Kazakh people]. *Qazaq ul'tyq universitetinin khabarshysy. Tarikh seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. History series*, 1 (84) [in Kazakh].
- 16 Viatkin, M.P. (1998). Batyr Srym [Hero Srym]. Almaty: Sanat [in Russian].
- 17 Zhangaliev, U.K. & Musabalina, G.T. (2019). Qazaqtyn dasturli qurylymynda aleumettik toptardyn qazaq qogamynda alatyn orny. XVIII-XIX gasyr [The position of social groups in the Kazakh society in the traditional Kazakh structure. XVIII-XIX century]. *Abai atyndagy Qazaq ul'tyq pedagogikalyq universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay*, 4(63) [in Kazakh].
- 18 Koigeldiev, M. (2008). Alash qozgalysy [Alash movement]. Almaty: «Mektep» baspasy [in Kazakh].
- 19 GA OO [State Archive of the Orenburg region]. — F. 6. — Op. 10. — Ch. 1. — D. 7644 [in Russian].
- 20 (1982). Qazaq SSR tarikhyy [History of the Kazakh SSR]. Vol. 3. Almaty [in Kazakh].
- 21 Galuzo, P.G. (1965). Agrarnye otnosheniia na yuge Kazakhstana v 1867–1917 gg. [Agrarian relations in southern Kazakhstan in 1867–1917]. Alma-Ata [in Russian].
- 22 (1984). Qazaq SSR. 4 tomdyq qysqasha entsiklopediiasy [Kazakh SSR. A short encyclopedia in 4 volumes]. Vol. 1. Almaty: Qazaq sovet entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 23 (2005). Qazaqstannyn zhana zhane qazirgi zaman tarikhyy [New and modern history of Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].

Information about authors

Zhangaliev, U. K. — Master of history, senior lecturer, AlikhanBokeikhan University, Semei, Kazakhstan;

Binazarova, N.N. — Master of history, senior lecturer, M.H. DulatyTaraz Regional University, Taraz, Kazakhstan;

Alpysbayeva, G.B. — Master of history, senior lecturer, M.H. DulatyTaraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.